

«БЕКІТІЛГЕН»



Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің
Жалпы отырысының шешімімен
№ 24, 13.10.2025 ж.

М.К. Хасенов

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЭКСПЕРТТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі Комиссияларының жұмысын үйлестіру мақсатында әзірленді және Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, сондай-ақ 2022 жылғы 20 маусымдағы Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің шешімімен бекітілген «Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі туралы» Ережеге негізделеді.

1.2. Осы Ереже Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – «Қоғамдық кеңес») эксперттеріне қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ олардың қызметін реттейді.

1.3. **Эксперт** – белгілі бір салада кәсіби білімі, біліктілігі мен тәжірибесі бар жеке тұлға. Ол Қоғамдық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді талдау, кеңес беру және сараптамалық қорытындылар дайындау үшін ерікті негізде Қоғамдық кеңестің қызметіне тартылады.

1.4. Эксперттің қызметі ақысыз болып табылады және еріктілік қағидатына негізделеді.

1.5. Эксперт Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды, бірақ оның отырыстарына немесе Президиум отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

1.6. Экспертті Қоғамдық кеңес Президиумы қарапайым көпшілік дауыспен тартады және босатады. Президиум кез келген экспертті тартудан себептерін түсіндірместен бас тартуға құқылы.

1.7. Қоғамдық кеңестің әрбір комиссиясы бір Президиум отырысына **бес (5)** кандидатурадан артық ұсына алмайды. Бір комиссияға бекітілетін эксперттердің жалпы саны сол комиссия құрамындағы Қоғамдық кеңес мүшелерінің санына **жеті (7)-ден артық емес еселік** болуы тиіс.

1.8. Эксперттерге кандидатуралар алдын ала тиісті комиссиялардың отырыстарында талқыланады. Талқылау қорытындысы бойынша комиссия төрағасы экспертті қосу немесе шығару туралы ұсынысты Президиумға енгізеді. Эксперттің өкілеттігі мына жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- комиссия төрағасының жеке бастамасы бойынша;
- эксперттің этикалық нормаларды бұзуы;
- міндеттерін жүйелі түрде орындамауы;
- мүдделер қақтығысының болуы;
- сенімнің жоғалуы.

Шешім Президиум хаттамасымен рәсімделеді және эксперттердің тізіліміне енгізіледі.

1.9. Эксперт Қоғамдық кеңестің тиісті құрамының өкілеттік мерзімінен аспайтын уақытқа тартылады.

1.10. Сарапшыны сараптамалық қызметтен босату мәселесі, ол кіретін тиісті комиссия төрағасының ұсынысы бойынша немесе сарапшының өзінің бастамасы бойынша қаралады.

Этикалық нормаларды бұзған жағдайда, міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде, мүдделер қақтығысы туындаған немесе сарапшыға деген сенім жоғалған жағдайда, тиісті комиссияның төрағасы комиссия отырысында талқылаусыз-ақ сарапшының кандидатурасын сарапшылар құрамынан шығару үшін Қоғамдық кеңестің Президиумына жіберуге құқылы.

1.11. Қоғамдық кеңестің өкілеттігі тоқтаған кезде эксперттің қызметі де тоқтатылады.

1.12. Эксперттердің тізімі Қоғамдық кеңестің ресми сайтында жариялануға тиіс.

1.13. Эксперт мына құжаттар мен ережелерді білуге және сақтауға міндетті:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы;
- Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі туралы Ереже (20.06.2022 ж. бекітілген);
- Алматы қ. Қоғамдық кеңесінің Регламенті;
- Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №73 бұйрығымен бекітілген қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу қағидалары;
- Алматы қ. Қоғамдық кеңесі эксперттері туралы осы Ереже.

2-БӨЛІМ. ЭКСПЕРТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ

2.1. Эксперт болып, жоғары білімі бар немесе Қоғамдық кеңес міндеттеріне сәйкес салада кемінде үш (3) жыл практикалық тәжірибесі бар тұлға бола алады.

2.2. Эксперт үшін қосымша кәсіби сертификаттардың немесе ғылыми дәрежелердің болуы құптарлық жағдай болып табылады. Эксперт бола алмайтын тұлғалар:

- психикалық, мінез-құлықтық бұзылыстарға байланысты, соның ішінде психобелсенді заттарды қолданудан туындаған аурулар бойынша психикалық денсаулық ұйымдарында есепте тұрған тұлғалар;
- наркологиялық есепте тұрған тұлғалар;
- сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген тұлғалар;
- сотпен сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғалар.

2.3. Эксперттікке кандидат мына құжаттарды ұсынады:

- эксперттікке қабылдау туралы өтініш;
- жоғары білім туралы диплом (бар болған жағдайда);
- сотталғандығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;
- психикалық мінез-құлық бұзылыстары бойынша динамикалық бақылауда тұрмайтыны туралы анықтама;
- наркологиялық есепте тұрмайтыны туралы анықтама;
- түйіндеме (резюме).

2.4. Эксперттікке кандидат Қоғамдық кеңестің миссиясы мен мақсаттарын қолдауы, қоғам мен қоғамдық игіліктің мүддесінде қоғамдық негізде жұмыс істеуге дайын болуы тиіс.

2.5. Аналитикалық қабілеттер, сыни ойлау және ақпаратты бағалау дағдылары;

2.6. Жақсы коммуникациялық қабілеттер.

2.7. Өз идеяларын, ұсыныстарын, пікірлерін түсінікті және нақты түрде жеткізе білу;

2.8. Ұжымда (топта) жұмыс істей білу және оған дайын болу.

3-БӨЛІМ. ЭКСПЕРТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

3.1. Эксперттердің қызметін үйлестіру және бақылауды тиісті комиссия төрағасы жүзеге асырады.

3.2. Эксперт жұмысының мақсаты:

- Қоғамдық кеңес пен оның комиссияларына өз міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- Қоғамдық кеңес пен комиссиялар қарастыратын мәселелер бойынша материалдармен танысу, оларды талдау;
- қажет болған жағдайда бастапқы деректер мен ақпарат жинау, көшпелі тексерулерге, мониторингтерге, қоғамдық тыңдауларға және өзге қоғамдық бақылау түрлеріне қатысу;
- сараптамалық қорытындылар, кеңестер, аналитикалық шолулар және негізделген ұсыныстар беру;
- объективті және негізді тұжырымдар қалыптастыру, комиссия күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу;
- талдау негізінде жаңа тақырыптар мен мәселелерді ұсыну;
- жазбаша ұсынымдар дайындап, комиссия төрағасына ұсыну;
- заңнаманы және нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеу.

3.3. Эксперттердің жұмысының негізгі қағидаттары: заңдылық, адам құқықтарын сақтау, қоғамдық негізде жұмыс істеу, адалдық, кәсібилік, объективтілік, ашықтық, жүйелілік, этикалық нормаларды сақтау, өзара ынтымақтастық, сындарлы қарым-қатынас.

3.4. Өз қызметінде (жұмысында) сарапшылар осы Ереженің шарттарын, ҚР Конституциясын, «Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі туралы» Ережені, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің Регламентін, Қазақстан Республикасының заңнамасын, тиісті бағыт (профиль) бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы, сондай-ақ қаралатын мәселелерге қатысты Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

3.5. Сарапшының іссапар іс-шараларына, қоғамдық мониторингке немесе қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде өзге де іс-шараларға қатысуы тек бейінді комиссия мүшелерінің немесе мониторингтік топ жетекшісінің қатысуымен ғана мүмкін болады.

3.6. Сарапшылардың Қоғамдық кеңеске/Комиссияларға ұсынған барлық ұсыныстары/қорытындылары/пікірлері/көзқарастары/тұжырымдары сарапшының жеке пікірі болып табылады, ұсынымдық сипатқа ие және орындауға міндетті емес.

3.7. Сарапшы тек өзінің жеке пікірін білдіреді, ол Қоғамдық кеңестің немесе комиссияның ресми ұстанымы болып табылмайды.

4-БӨЛІМ. ЭКСПЕРТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (КРІ)

4.1. Сарапшының қызметіне баға беру тиісті комиссия төрағасы тарапынан тоқсан сайын немесе нақты жұмыстың (мониторинг, тыңдау, жұмыс тобына қатысу және т.б.) аяқталуы бойынша жүргізіледі және Қоғамдық кеңестің Президиумына жолдануы мүмкін.

4.2. Қоғамдық кеңес сарапшысының қызметіне баға беру үшін келесі негізгі тиімділік көрсеткіштері қолданылады:

4.2.1. Қоғамдық кеңестің жұмысына қатысуы.

4.2.2. Қоғамдық кеңес комиссиясы отырыстарына қатысу саны.

4.2.3. Қоғамдық бақылау іс-шараларына (мониторинг, тыңдау, қоғамдық тыңдаулар) қатысу саны.

4.2.4. Отырыстар, іс-шаралар, жұмыс топтарындағы жұмыс нәтижелері бойынша сарапшы ұсынған жазбаша ұсынымдар саны.

4.3. Инициативалық

4.3.1. Комиссия қызметі аясында дербес бастамашылық жасаған тақырыптар, жобалар немесе талдамалық сұранымдар саны.

4.4. Этикалық және ақпараттық мінез-құлық.

4.5. Құпиялылықты бұзу фактілерінің немесе ақпаратты келісімсіз тарату жағдайларының болмауы.

4.6. Комиссиямен келісілген және ашық қолжетімділікке орналастырылған жарияланымдар саны (сарапшының медиялық белсенділігі болған жағдайда).

Әрбір бағыт бойынша нақты сандық көрсеткіштер тіркеледі. Бағалау еркін нысанда кестелік бөлікпен немесе түсіндірме жазбамен ресімделеді және комиссия төрағасының бастамасы бойынша немесе сұрату негізінде Қоғамдық кеңестің Президиумына жолдануы мүмкін.

5-БӨЛІМ. ЭКСПЕРТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Сарапшының міндеттері:

5.1.1. Осы Ереженің талаптарын сақтауға және Қазақстан Республикасының заңдарын орындауға.

5.1.2. Сарапшы жұмысы барысында осы Ереженің 3-бөлімінің 3.4-тармағында көзделген сарапшы қызметінің қағидаттарына адал болуға.

5.1.3. Қоғам мен Қоғамдық кеңестің мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюға.

5.1.4. Өзінің объективтілігіне күмән тудыруы мүмкін мүдделер қақтығысына жол бермеуге.

5.1.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда комиссия төрағасын немесе мониторингтік топ жетекшісін хабардар етуге.

5.1.6. Қаралатын мәселелерді объективті бағалауға.

5.1.7. Жоғары этикалық стандарттарды сақтауға, адамдарға құрметпен қарауға.

5.1.8. Комиссия немесе Комиссия төрағасы белгілеген мерзімдерді сақтауға.

5.1.9. Жеке деректер субъектісінің келісімсіз жеке деректерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де мәліметтерді жария етпеуге.

Қоғамдық кеңес Комиссиясының жұмысы шеңберінде талқыланатын кез келген ақпаратты дербес таратуға тыйым салынады, оның ішінде:

– ішкі материалдар мен құжаттардың жобалары;

– алдын ала қорытындылар мен сараптамалық пікірлер;

– мемлекеттік органдардың ресми жауаптарының үзінділері және/немесе толық мәтіндері;

– Қоғамдық кеңес мүшелері жолдаған сұраулардың үзінділері және/немесе толық мәтіндері және солардың нәтижесінде алынған құжаттар;

– сарапшылар ұсынған талдамалық материалдар (тиісті комиссия төрағасымен немесе Қоғамдық кеңестің Президиумымен ресми келісілгенге дейін).

Мұндай мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және өзге де ашық дереккөздерде жариялау және талқылау тек комиссия төрағасымен немесе Қоғамдық кеңестің Президиумымен алдын ала келісілген жағдайда ғана мүмкін.

5.1.10. Қоғамдық кеңестің миссиясы мен мақсаттарын бөлісіп, қоғам мен қоғамдық игілік мүддесінде жұмыс істеуге.

- 5.1.11. Өз қызметін қоғаммен өзара іс-қимылда жүзеге асыруға.
- 5.1.12. Қоғамдық кеңестің Президиумымен немесе тиісті Комиссия төрағасымен келісу арқылы Қоғамдық кеңестің қызметі туралы халықты БАҚ арқылы және (немесе) интернет-ресурстар арқылы ақпараттандыруға.
- 5.1.13. Қоғамдық кеңес пен оған кіретін Комиссия жұмысына тікелей қатысуға.
- 5.1.14. Қоғамдық кеңес, Қоғамдық кеңес Президиумы, Қоғамдық кеңес Комиссиясы отырыстарына тікелей қатысуға.
- 5.1.15. Комиссияда талқыланатын мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға тікелей қатысуға.
- 5.1.16. Қаралып отырған мәселелер бойынша конструктивті талқылауға және шешім қабылдауға ықпал етуге.
- 5.1.17. Қоғамдық кеңес мүшелерімен, оның тұрақты және уақытша жұмыс органдарымен, басқа сарапшылармен өзара іс-қимыл жасауға.
- 5.1.18. Өзінің кіретін Қоғамдық кеңес Комиссиясының мүшелерімен тығыз байланыста болуға.
- 5.1.19. Тиісті Комиссия төрағасының үйлестірулерін, тапсырмаларын адал орындауға.
- 5.1.20. Сарапшы кіретін Қоғамдық кеңес Комиссиясымен бірге «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңында көзделген қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға.
- 5.1.21. Өз қызметінде мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдары, бағынысты ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері жанындағы байқау, кеңесші және консультативтік органдарға мүшелігі туралы Қоғамдық кеңесті хабардар етуге.
- 5.1.22. Қақтығысты жағдайларда сабырлылық танытуға, пікірлерін дәйектілікпен білдіруге.
- 5.1.23. Қақтығыстарды арандатпауға.
- 5.1.24. Әріптестеріне, Қоғамдық кеңес мүшелеріне, үшінші тұлғаларға ізгі ниетпен қарауға.
- 5.1.25. Өз атына айтылған конструктивті сынға парасатты қарауға.
- 5.1.26. Қоғамдық кеңес қызметіне кез келген қатысуының қорытындысы бойынша тиісті комиссия төрағасына жазбаша ұсынымдар дайындап ұсынуға. Ұсынымдарда талдамалық қорытындылар, саясатты, нормативтік-құқықтық актілерді, рәсімдерді немесе қаралатын мәселелер құрылымын жетілдіруге ұсыныстар қамтылуы мүмкін.

5.2. Сарапшының құқықтары:

- 5.2.1. Қоғамдық кеңес мүшелеріне/Комиссияға/басқа сарапшыларға өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алу мақсатында жүгінуге.
- 5.2.2. Өз міндеттерін орындау үшін қажетті Қоғамдық кеңестің, Қоғамдық кеңес Президиумының шешімдерімен танысуға.
- 5.2.3. Өз міндеттерін орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды, шынайы және өзекті ақпаратты алуға.
- 5.2.4. Сарапшы кіретін Комиссияның қарауына ұсыныстар мен сұрақтар енгізуге.
- 5.2.5. Сарапшы кіретін Комиссия төрағасына Комиссияның қызметін ұйымдастыруды жақсарту және/немесе оның жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.
- 5.2.6. Мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 5-бабы 1-тармағында және 5-1-бабы 1-тармағында көзделген мәселелер бойынша өткізетін іс-шараларына қатысуға (қоғамдық кеңестер құрылмайтын мемлекеттік органдарды қоспағанда).

Мемлекеттік құпияларды немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияларды ашуға байланысты отырыстар мен іс-шараларға сарапшы Комиссиямен келісу бойынша немесе тиісті Комиссияның Қоғамдық кеңес мүшесінің ілесуімен қатыса алады.

5.2.7. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерге Қоғамдық кеңестің қарауына ұсыныстар енгізуге.

6-БӨЛІМ. КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЭКСПЕРТТЕРМЕН ЖҰМЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сарапшы кіретін Қоғамдық кеңес комиссиясының төрағасы осы комиссияға бекітілген сарапшылардың қызметіне жалпы басшылықты, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады.

6.2. Комиссия төрағасы Қоғамдық кеңестің Президиумына әрбір сарапшының қатысу деңгейін және жұмысының тиімділігін көрсететін есептер мен талдамалық материалдарды, осы Ереженің 4-тармағында көзделген бекітілген негізгі тиімділік көрсеткіштеріне (KPI) сәйкес, Президиумның сұратуы бойынша және/немесе өз бастамасы бойынша ұсынуға уәкілетті.

6.3. Комиссия төрағасының міндеттері:

- комиссия құзыреті шегінде сарапшыларға қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- сарапшыларға нақты тапсырмалар қою, қорытындыларды, ұсыныстарды, талдамалық материалдарды әзірлеу форматын және мерзімдерін келісу;
- сарапшылардан комиссия немесе Қоғамдық кеңес қызметіне қатысу нәтижелері бойынша жазбаша ұсынымдар мен есептерді қабылдау;
- сарапшының ұсыныстары мен қорытындыларын комиссия отырыстарында немесе жұмыс тәртібінде қарауды қамтамасыз ету;
- қажет болған жағдайда комиссияның және сарапшының мүдделерін Қоғамдық кеңестің басқа құрылымдарымен (оның ішінде Президиуммен немесе басқа комиссиялармен) өзара іс-қимылда білдіру;
- сарапшы өз міндеттерін жүйелі түрде орындамаған, этика нормаларын бұзған, мүдделер қақтығысына жол берген немесе сенімнен айырылған жағдайларда оның өкілеттігін тоқтатуды бастамашылық ету.

Комиссия төрағасының құқықтары:

- сарапшыларды қоғамдық бақылау іс-шараларына: мониторингтерге, тыңдауларға, сараптамаларға, қоғамдық тыңдауларға және т.б. қатыстыру;
- сарапшыны қабылдау, оның өкілеттігін тоқтату немесе комиссиялар арасында қайта бөлу жөнінде ұсыныстармен Қоғамдық кеңестің Президиумына жүгіну;
- сарапшы қызметтік этика нормаларын бұзған, жұмысының тиімділігі төмен болған жағдайда, комиссия отырысында талқылаусыз және бекітусіз-ақ сарапшының кандидатурасын оны сарапшылар құрамынан шығару үшін Қоғамдық кеңестің Президиумына жолдау;
- сарапшыдан бұрын ұсынылған қорытындылар немесе ұсыныстар бойынша түсіндірмелер, түзетулер немесе нақтылаулар талап ету;
- комиссия атынан сараптамалық ақпаратты жариялау немесе ашық талқылау мүмкіндігін келісу;

– сарапшылардың белсенділігін алғыс хат табыстауға, жария алғыс білдіруге және сарапшының үлесін мойындаудың басқа да материалдық емес нысандарына бастамашылық ету арқылы көтермелеу.

7-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Ереже Алматы қ. Қоғамдық кеңесі Президиумының шешімі қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Осы Ереже Алматы қ. Қоғамдық кеңесінің барлық эксперттеріне, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелері мен хатшысына қолданылады.

7.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Алматы қ. Қоғамдық кеңесі Президиумы енгізе алады.